

ҰЛТТЫҚ ТАРИХ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

Тәуелсіздіктің тұғырын бекітіп, еліміздің даму жолын айқындап берген Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың сарабдал саясатын бүкіл әлем мойындады. Тарихи сананы қалыптастыру, тарих ғылымын жетілдіру Елбасының көреген саясатының басым бағыттары болып келеді. Президенттің бастамасымен 1995 жылы «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы» қабылданып, 1998 жылы «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп жарияланды.



Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

ҚАЛЫҢ ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ!

(Жалғасы.
Басы өткен сандарда.)

Тарихтың берген мүмкіндігі мен табиғаттың берген байлығы, әлі де болса, орнын таппай, босқа зая болып жатқаны жанға қатты батады. Ол үшін сыртқа өкпелейтін ештеңе жоқ. Тәуелсіздігімізді уақытылы мойындады. Қолқабыс-көмектерін ұсынды. Экономикамызды елеулі деңгейде дамытуға қетеру жолында бірлесіп өрлеуімізге әзір екендіктерін білдірді. Жан-жағымызбен тату-тәтті қарым-қатынастамыз. Алыс пен де, жақынмен де алысып-берісіп жатырмыз. Нағыз іскер ахуал орнатуға не керектің бәрі бар. Жетпейтіні Абай айтқан ынта мен ыждаһат, білуге ыждаһат, үйренуге ыждаһат, еңбектенуге ыждаһат күшкердің орнына әлсіреп бара жатқандай. Оның орнына Абай айтқан қырсыздық пен қиянқылық, «өптік пен өсекті жүндөй сабаған» дауқестік пен данғойлық, «өз елін өзі аңдыған» ұрлық пен «жүз қараға өкі жүз аларман бар» көрсекызарлық, «қозғау салып қоздырған» жікшілдік пен «сөз қыдыртқан, жұрт құтыртқан партияшылық» азаар емес. Экономикалық белсенділікті, Абайша айтсақ, «өз жерімен

2004 жылдан бастап «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуы да осыған дәлел. Тарихымыздың методологиясын қалыптастыруда да Елбасының үлесі зор. Президенттің «Тарих толқынында», «Сындарлы он жыл», «Қазақстан жолы», «Ұлытаудағы сұхбат» еңбектері тарихымызды түсінудің, зерттеудің негіздерін қалыптастырды. Елбасының бастамасымен жүзеге асқан Қазақ хандығының 550 жылдығын кең көлемде атап өту тарихымыздың тамыры тереңде жатқанын әлемге паш етті.

Белгілі тарихшылар Т.Омарбеков, М.Қойгелдиев және Х.Әбжановтың жуырда «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Ұлт қорғаны – ұлттық тарих» атты мақаласынан тарихымызға тағы бір көзекті тықыр таянғанын сөздік:

Мақалада көтерілген мәселелерді толығымен құптаймыз. Өйткені ұлттық тарих – ұлттық сананың ұстанымы, тәуелсіздігіміздің мызғымас тірегі болып табылады. Өз халқының тарихын бойына терең сіңірген азаматтар ғана өз еліне қалтқысыз қызмет ете алады. Қазақстан тарихы пәні жалпы орта мектептің 6-шы сыныбынан бастап оқытылса да, бұғанасы қатпаған жеткіншектердің бұл пәнді толыққанды игеріп үлгермегендігін өз тәжірибемізден байқаймыз. Екіншіден, мектеп оқулықтары кеңестік идеологияның, таптық ұстанымның сарқыншақтарынан толық арыла қоймағанын да мойындауға тиіспіз. Үшіншіден, «Мәдени мұра» бағдарламасы нәтижесінде жинақталған деректер әлі күнге дейін мектеп оқулықтарына енгізілген жоқ.

Осы жағдайларды еске

ре отырып, Отанымыздың тарихы жоғары оқу орындарында міндетті түрде оқытылуы тиіс деген пікірдеміз. Мақала авторларының ЖОО-да өтілетін ел тарихы мектеп бағдарламасындағы материалдарды қайталамай, екпінді студент жастардың, болашақ ел басқаратын мамандардың дүниетанымына сүйенші болатын да ұлт тарихындағы шешуші кезеңдер мен негелі істерге түсірілгенімен деген өте дұрыс. Отан тарихын дерек көздері арқылы оқыту қажет деген пікірді де өте орынды деп есептейміз.

Сонда ғана ұлпақтар сабақтастығы оқталмақ, ел болашағы жарқын болмақ.

С.ӘЛІБЕК,
М.Әуезов атындағы
ОҚМУ деканы, т.ғ.д.

